

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзырлы органы мен жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру (мұнайгаз) кәсіпорны арасындағы Пайдалы қазба кенішінен кен өндіруді жүзеге асырудың модельдік шартын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 27 маусым N 882. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.01.27. N 108 қаулысымен. ~P970108

Жер қойнауын пайдалануды және жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіру (мұнайгаз) кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген құзырлы органмен шарт жасауын тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзырлы органы мен тау-кен өндіру (мұнайгаз) кәсіпорны арасындағы Пайдалы қазба кенішінен кен өндіру жүзеге асырудың модельдік шарты бекітілсін.

Құзырлы органдар шарттарды әзірлеу және жасау кезінде Модельдік шарттың негізгі ережелерін басшылыққа алады.

2

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.05.27. N 646 қаулысымен. P960646\_

3. Құзырлы органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне жер қойнауын пайдалану лицензиясында көрсетілген шарттар жасау мерзімін өзгертуіне рұқсат берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Қаржы министрлігімен келісілген әрбір кәсіпорынмен шарттар әзірлеу және жасау бойынша жұмыстар кестесін құзырлы органдар екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

5. Облыстардың әкімдері модельдік шартты басшылыққа алып, 1995 жылдан бастап кең тараған пайдалы қазбалар кеніштерінен кен өндіру жөнінде жер қойнауын пайдаланушылармен шарт жасалуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 9 қарашадағы N 452 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 27 маусымдағы  
N 882 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөз

жүргізуге, Шарт талаптарын анықтауға және оған қол  
қоюға құқық берілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
Құзырлы органы мен

\_\_\_\_\_ ауданында

Жер қойнауын пайдалануға Үкімет лицензиясын алған  
тау-кен (мұнайгаз) өндіру кәсіпорны арасындағы  
пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға арналған

ҮЛГІ ШАРТ

Алматы қаласы

199 жыл

Осы Шарт 199\_\_ жылы (күні \_\_\_\_, айы \_\_\_\_) Қазақстан

Республикасының Үкіметі атынан келіссөз жүргізуге, Шарт талаптарын  
анықтауға және қол қоюға құқық берілген Құзырлы органмен (бұдан әрі \_\_\_\_\_  
\_\_деп аталады) және Қазақстан Республикасының заңдары бойынша  
ұйымдастырылған, өзінің өкілдігі бар \_\_\_\_\_ және серия N \_\_\_\_\_ лицензияны

алған тау-кен (мұнайгаз) өндіру Кәсіпорны арасында пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға жасалған.

М ы н а л а р д ы :

а) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және нормативтік құжаттарында республиканың пайдалы кен орындарын қоса есептегенде бүкіл жер қойнауын тек қана республиканың меншігі болып табылады деп жазылғанын,

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі Шарт жасауға онда айтылғандай Құзырлы органға өкілдік бергенін,

в) Құзырлы орган мен Кәсіпорын осы Шарт мұнай операцияларын қоса есептегенде пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтін болады деп келіскенін ескере отырып, Құзырлы орган мен Кәсіпорын төмендегілер жөнінде уағдаласты:

## I . А Н Ы Қ Т А М А

Егерде Шарттың мәтінінде басқаша түсініктемелер болмаса онда төменде келтірілген, ондағы пайдаланылған сөздер мен терминдер мынадай мағына б е р е д і :

1. Бонустар-Шартты іске асырудың әралуан кезеңдеріне орайластырылған төлемдерді білдіреді: Шартқа қол қойғаны үшін "қол қою бонусы", коммерциялық жағынан ұтымды кен орнынан ашқаны үшін - "коммерциялық ашудан түскен бонус" және белгілі бір өндіру деңгейіне қол жеткізгені үшін - "өндіруден түскен бонус" алынады.

2. Мемлекет (Республика)-Қазақстан Республикасын білдіреді.

3. Мемлекеттік орган дегеніміз - пайдалы кендерді өндіруге Лицензия (рұқсат) бергені үшін, экологиялық бақылау жасағаны және басқалар үшін жауап беретін Қазақстан Республикасының басқару органдары.

4. Шарт қолданылатын жыл - Григориан күнтізбесі бойынша жүйелі он екі (12) айға тең кезең; Шарттың контексінде ол Шарттың күшіне енген күнінен немесе іске қосылған кез келген жылдықтан басталады.

5. Күшіне ену күні - осы Шарт күшіне енген күнді білдіреді.

6. Шарт - Құзырлы орган мен Кәсіпорын арасында жасалатын пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға арналған осы Шартты білдіреді.

7. Пайдалы кендерді өндіру (мұнай, табиғи газ, металдар, көмір, кенге жатпайтын шикізат және басқалар) - Лицензияның ережелеріне және осы Шартқа сәйкес кен орындарын игеруге қатысты операцияларды білдіреді. Суды, инфрақұрылымдарды, сондай-ақ Шарттың нысаны болып табылатын учаскеде экологиялық залалды ең аз мөлшерге дейін жеткізуге қабылданылатын

шараларды қоса есептегенде, кен орындарын игеру жөніндегі шараларды қажетті түрде және қауіпсіз жүргізуге қажетті барлық қызмет пайдаланылады, бірақ шек қ о й ы л м а й д ы .

8. Күнтізбелік жыл дегеніміз - қаңтардың бірінші күнінен басталатын және сол жылдың отыз бірінші желтоқсанында аяқталатын Григориан күнтізбесі бойынша жүйелі он екі (12) айға тең кезең.

9. Күнтізбелік тоқсан дегеніміз - қаңтардың бірінші күнінен, сәуірдің бірінші күнінен, шілденің бірінші күнінен және қазанның бірінші күнінен басталатын Григориан күнтізбесі бойынша жүйелі үш (3) айға тең кезең.

10. Құзырлы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Шартты жасауға тікелей байланысты құқық берген мемлекеттік органды білдіреді.

11. Жер қойнауы туралы Кодекс - 1992 жылдың 30 мамырда күшіне енген жер қойнауы және минералды шикізатты ұқсату туралы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң К о д е к с і .

12. Лицензия - жер қойнауын пайдаланушыға (кәсіпорынға) қызметтің белгілі бір түріне және кесімді мерзімге берген Қазақстан Республикасы Үкіметінің р ұ қ с а т ы н б і л д і р е д і .

13. Пайдалы кен орындары дегеніміз - пайдалы кендердің (мұнайдың, табиғи газдың, металдың, көмірдің, кенге жатпайтын шикізаттың және басқалардың) табиғи шоғырланған жері, ол қолда бар техника мен қолда бар экономикалық жағдайлар кезінде сан және сапа жағынан өнеркәсіптік жолмен игеру нысаны б о л ы п т а б ы л а д ы .

14. Ай - Григориан күнтізбесіне сәйкес күнтізбелік айды білдіреді.

15. Мұнай операциялары - мұнайды барлауға, өндіруге, сақтауға, тасымалдау мен ішкі және сыртқы рынокта сатуға қатысты барлық жұмыстарды білдіреді.

16. Ілеспе пайдалы кендер дегеніміз - өнеркәсіп үшін пайдалы болып табылатын негізгі пайдалы кендермен бірге өндірілетін пайдалы кендердің қ ұ р а м д а с б ө л і г і .

17. Үкімет - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

18. Бухгалтерлік есеп-қисап рәсімі - 12-бапта айтылған есеп-қисап рәсімін б і л д і р е д і .

19. Кәсіпорын- Құзырлы органмен Шарт жасайтын жұмыс істеп тұрған кен (мұнайгаз) өндіруші кәсіпорынды білдіреді.

20. Жұмыс бағдарламасы - минералды шикізатты барлау, әзірлеу, өндіру және ұқсату жөніндегі жоспарларды қоса есептегенде пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін дайындалған жоспарлардың барлық түрін білдіреді.

21. Пайдалы кен орындарын игеру - шарт жасалғаннан кейін жүзеге асырылатын қызметті білдіреді және оған:

а) геологиялық және геофизикалық зерттеулер;

б) бұрғылау және пайдалы кендерді өндіру;  
в) жабдықтарды орнату, қосу, және алғаш рет сынап көру, пайдалы кендерді алу, ұқсату, байыту, өңдеу, сақтау, тасымалдау және жеткізу мақсатында өндіру кезінде қолданылатын жабдықтарды өндіру кезінде қолданылатын жабдықтарды өндіруге пайдалануға қажетті шаралар жатады.

22. Барлау (барлау жұмыстары) - геологиялық, геофизикалық және басқа әдістерді қолдана отырып, пайдалы кен орындарын анықтау мақсатында атқарылатын операциялар тізбегі.

23. Шарт қолданылатын аудан - пайдалы кен орындарын шағаруды жүзеге асыруға арналған географиялық координаттармен көрсетілген аумақ, ол осы Шарттың 3-бабына сәйкес Шарт контекстінде құрлық бетін білдіреді.

24. Роялти - пайдалы кендерді өндіру көлемінің бір бөлігі ретінде айқындалған заттай және/немесе ақшалай төленетін жер қойнауын игеру құқы үшін төлемді білдіреді.

25. Шарттың өолданылу мерзімі - осы Шартқа сәйкес пайдалы кен орындарын игеру ісін және жүзеге асырылатын уақыт кезеңін білдіреді.

26. Тараптар - жиынтық ретінде анықталған Құзырлы орган мен Кәсіпорынды білдіреді.

27. Қосалқы мердігер дегеніміз - Шартты орындау мақсатында кәсіпорынды материалдармен және қызмет көрсетулермен қамтамасыз ететін шаруашылық ұйым.

28. Кеден бажы - Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес кедендік баждар тізілімінде белгіленген барлық баждарды, салықтарды немесе алымдарды білдіреді.

29. Үшінші тарап - Үкіметке (Құзырлы органға), мердігерге, қосалқы мердігерге қарағанда, шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі кез келген ұйымды білдіреді.

30. Кездейсоқтықтар - шарттың орындалуы барысын қиындататын қолдан келмейтін (әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, зілзала және басқа) жағдайлар.

## 2. ШАРТТЫҢ МАҚСАТЫ

31. Осы Шарттың мақсаты Қазақстан Республикасының Заңдары және Үкіметі қаулыларына сәйкес Құзырлы орган мен Кәсіпорын арасында пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға арналған шарттық қарым-қатынасты болып табылады.

### 3. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНУ АУДАНЫ

32. Шарттың қолданылу ауданы және оның көлемдері - берілетін жер қойнауы телімінің шекарасы айқындалып, кен шығаруға бөлінген жер көрсетілетін жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір түріне қосымшасымен Кәсіпорын алған Лицензиялардың (Лицензияның) шарттарымен белгіленеді.

### 4. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

33. Шарттың қолданылу мерзімі Шарттың күшіне енген күнінен бастап \_\_\_\_\_ жыл.

34. Шарттың қолданылу мерзімі Лицензияның шарттары бойынша тараптардың келісімімен ұзартылуы мүмкін.

### 5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

35. Құзырлы органның:

Шарттың қағидалары бойынша кәсіпорындармен тікелей келіссөздерде Республика атынан шығуға;

Үкімет атынан Шартқа қол қоюға;

қол қойылған Шартты тиісті Мемлекеттік органның тіркеуіне беруге; жобаларға, контракттылық құжаттарға тәуелсіз сараптама жүргізуді ұйымдастыруға құқығы бар.

36. Кәсіпорынның:

пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін оған Лицензия және осы Шарт мүмкіндік беретін құқықтар шеңберінде кез келген заңды әрекет жасауына;

Шарттың қолданылу ауданы шеңберінде барлау жүргізуіне;

Шарттың қолданылу ауданында жұмыстың қалыпты барысын жүзеге асыру үшін қажетті өндіріс пен әлеуметтік сала объектілерін салуына, сондай-ақ Шарттың қолданылу ауданында да, одан тыс жерлерде де ортақ түрде пайдаланылатын объектілер мен коммуникацияларды иесімен уағдаласты б о й ы н ш а п а й д а л а н у ы н а ;

пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асырудың жобасында және

табиғат қорғау органдарының рұқсаттамасында көзделгеніндей өндіріс

қалдықтарын қоймаға жинауына;

барлық көлік жолдарын немесе Шарт қолданылатын ауданға жету жолының басқа да тәсілдерін пайдалануына;

пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін қажетті активтерді, құрал-жабдықтарды және өзге де материалдарды кеден заңдары шеңберінде импорттауға және экспорттауға құқығы бар.

37. Кәсіпорын Құзырлы органның келісімі бойынша қосымша құқықтар иемдене алады.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

38. Құзырлы орган Кәсіпорының пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін талап етілетін рұқсатты алуына қажетті көмек көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### 39. Кәсіпорын:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, қаулыларын, өзге де нормативті актілер мен реттеуші нұсқамаларын сақтай отырып, Жұмыс бағдарламасында көрсетілген күні коммерциялық өндірісті бастауға;

кен өндіру кезінде қажетті алдыңғы қатарлы технологияны қолданып және жұмысқа білікті мамандарды тарта отырып, пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру Жобасына сәйкес кен орындарын дамытуға және әзірлеуге;

егер олар экономикалық және техникалық сапалары, бағалары, жұмыс өлшемдері мен жеткізілім шарттары бойынша бәсекеге қабілетті болса, онда Қазақстан Республикасында өндірілетін құрал-жабдықтарға, материалдарға және дайын өнімдерге артықшылық беруге;

егер осы көрсетілетін қызметтер бағасы, тиімділігі және сапасы бойынша бәсекеге қабілетті болса, онда әуе, су, теміржол және басқа да көлік түрлерін қоса алғанда, пайдалы кен орындарына барлау жүргізу және өндіру кезінде қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың көрсететін қызметтеріне басымдық беруге;

Құзырлы органға Жұмыс бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы жүйелі түрде ақпарат беруге;

жұмыс аяқталғаннан кейін жер қойнауы туралы Кодексте белгіленген тәртіппен Шарт объектісін конверсиялауды немесе таратуды жүргізуге құқығы бар.

## 7. ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

40. Кәсіпорын мен Құзырлы орган негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер жобасына сәйкес Жұмыс бағдарламасын келіседі.

41. Егер Кәсіпорын Құзырлы органға техникалық және коммерциялық жағдайларға байланысты қажетті өзгерістердің дәлелденген себептерін беретін болса және Құзырлы орган осыған орай оң шешім шығаратын болса, Жұмыс бағдарламасы жұмыстар барысында өзгеруі мүмкін.

## 8. ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

42. Жұмыс бағдарламасында қолданыстағы заңдарға сәйкес Шарттың қолданылу ауданында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға кәсіпорындардың қатысуы көзделеді.

## 9. ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ

43. Кәсіпорын Жұмыс бағдарламасында дербес құрамды өндірістік оқытуды және даярлауды көздейді.

## 10. ШЫҒЫНДАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ, ӨНІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

44. Кәсіпорын пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға сондай-ақ осы Шарттың қағидаларында көзделіп өндірілген пайдалы кендердің мөлшеріне иелік ете отырып, шаруашылық мәселелерінің және қызмет көрсетудің шешімдеріне арналған барлық шығындардың орнын толтыруға тиіс.

45. Кәсіпорынның салық салынатын кірістерін белгілеу мақсатында осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын роялти сомасы және өзге де төлемдер, Шарт қолданылатын ауданда өндірілген пайдалы қазбалардың бағалары қолданыстағы заңдарда көзделген қағидаттарға сүйеніп белгіленетін болады.

46. Өнімнің жұмсалатын жері.

Кәсіпорын өндірген өнімнің жұмсалатын жері осы Шарттың келесі бабында баяндалған ескертпелерді айтпағанда, кәсіпорынның қарауына жатады.

Құзырлы орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының саяси мүдделерін бұзуы ықтимал барлық тиым салынған жерлер туралы кәсіпорынды хабардар етеді. Кәсіпорын осындай жазбаша ескерту алынған жерлерге өнімдерін жібермейді.



## II. ЖЕКЕМЕНШІК ПЕН АҚПАРАТТЫ ИЕМДЕНУ ҚҰҚЫҒЫ

47. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін Кәсіпорын сатып алған кез келген активтері немесе жабдықтары Кәсіпорынның жеке меншігі болып табылады.

48. Шарттың тоқтатылғаны күшіне енген күннен бастап пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде ақпараттармен, жазбалармен, үлгілермен және басқа мәліметтермен иелену құқығы жұмысты қаржыландырған Тарапқа жатады, соның нәтижесінде егер ол Шартта көрсетілмеген болса,

мемлекеттік органдарға өтеусіз беріліп, аттары аталған ақпарат алынады.

Шарт аяқталғаннан соң аталған ақпарат республиканың меншігіне айналады.

### 12. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

49. Жұмыс істеп тұрған бухгалтерлік есептің рәсіміне сәйкес пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға байланысты Кәсіпорын барлық шығындар мен шығасылардың толық және нақты бухгалтерлік есебін жүзеге асыруға міндеттенеді.

### 13. САЛЫҚТАР МЕН ТӨЛЕМДЕР

50. Қазақстан Республикасының салықтар туралы заңдары мен ережелеріне сәйкес Кәсіпорын салықтар мен жарналар төлеуге міндеттенеді.

51. Кәсіпорын пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде мөлшері, мерзімі, төлеу тәртібі Шартта белгіленетін бонустар, роялтилер, сондай-ақ үстеме пайда үшін салық төлейді.

### 14. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

52. Пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға қажетті барлық ақшалай қаржыларды Жұмыс бағдарламасына сәйкес Кәсіпорын қамтамасыз етеді.

53. Үкімет пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде кәсіпорын шеккен зиянының есесін қайтармайды.

### 15. САҚТАНДЫРУ

54. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап Кәсіпорын пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру жөнінде сақтандыру бағдарламасын жасайды.

55. Пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру үшін жалға алынған жеке адамдар жөнінде кездейсоқ оқиғадан, дене жарақатынан немесе кәсіби сырқаты бойынша өлім-жітімінен жеке сақтандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәкес ресімделеді.

56. Сақтандыру жөніндегі келісілген бағдарлама шеңберіндегі кез келген талаптар мен сақтандырудан алынған кез келген өтем тиісінше Кәсіпорын есебіне жатқызылады.

## 16. ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНЫЛУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

57. Егер пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын қоршаған ортаға үлкен залал келтіретіндей ерекше технология қолдануды жоспарлаған жағдайда, Шартқа аталған технологияны қолдану тәртібін реттейтін қосымша ережелер енгізіледі.

## 17. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

58. Пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру барысында Кәсіпорын жер қойнауын қорғауға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарын сақтайды ж ә н е :

пайдалы қазбалар мен құрамдас бөліктерін толық шығару, олардың тиімді және кешенді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

кен орындарын игеруді тиімді жүйені, минералдық шикізаттарды өңдеу кезінде қалдықсыз және қалдығы аз технологияны енгізу;

алынатын пайдалы қазбалардың негізгі және солармен бірге жатқан қорлары мен солардың құрамындағы құрамды бөліктерін, өңделген минералды шикізаттардың өнімдерін, өндіріс қалдықтары мен шығындарын сенімді түрде е с е п т е у ;

жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың қоршаған ортаның жағдайына зиянды әсерін болдырмау, пайдаланылатын және кен жұмыстары тоқтап тұрған бұрғылау скважиналарын, сондай-ақ жер асты құрылыстарын с а қ т а у ;

пайдалы қазбалардың сапасын және кен орындарының өнеркәсіптік құндылығын төмендететін немесе оларды игеруді қиындататын пайдалы кен орындарын таусылудан, ластанудан, су басудан, су жайылудан, өрттен және

басқа зиянды факторлардан қорғау мақсатымен шаралар қолданады.

Кәсіпорын Шарттың қолданылу ауданы шеңберінде пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде өндіруді жүргізу кезінде олар келтіруі мүмкін кез келген ысырап пен шығынғы байланысты қолданыстағы заңдарда көрсетілген шекте үшінші Тарап алдында жауап береді, және кез келген талаптарға қатысты шығынды, сондай-ақ кез келген зиянға, немесе залалға байланысты Құзырлы органға қойылған шығындар мен талаптарды өтейді.

## 18. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

59. Пайдалы кен орындарын игеруде жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормаларды, сондай-ақ апаттар мен кездейсоқ оқиғаларды болдырмау және одан сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс.

60. Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін болса, пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға тиым салынады.

61. Пайдалы кен орындарын барлауды немесе өндіруді жүзеге асыру кезінде Кәсіпорынның техникалық, қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларын сақтауына Мемлекеттік бақылауды Мемлекеттік қадағалау және бақылау органы атқарады.

## 19. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

62. Пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын қоршаған ортаны қорғауға экологиялық қауіпсіздендіруге қатысты заңдарға, өкімдерге және ережелерге сәйкес әрекет жасайды, мына мақсатта:

хайуанаттар әлеміне келтіретін зиянды мейлінше азайту және жобада көзделген табиғат қорғаудың барлық шараларын орындауға;

табиғи ортаның шектен тыс ластануын болдырмауға күш жұмылдырады. Апат болған жағдайда Кәсіпорын табиғатқа келтірілген зиянды қалпына келтіре отырып, жіберілген бұзылуларды жоюға міндетті.

Осы Шарт бойынша Кәсіпорын шаруашылық қызметін бастаудан бұрын табиғатты пайдалануға рұқсат алу үшін мемлекеттік табиғат қорғау органдарына өтінім жасайды.

63. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі табиғат қорғау заңдарының орындалуына мемлекеттік бақылау жасайды.

## 20. ТАРАПТАРДЫҢ ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

64. Осы Шарттың талаптары мен шарттарын бұзатын тікелей немесе жасырын түрдегі мәміле жарамсыз болып табылады.

65. Аталған мәмілені жасаған, сондай-ақ минералды шикізаттарды өндіру және ұқсату жөніндегі жер қойнаулары туралы басқа заңдар мен қаулыларды, осы Шарттың талаптары мен шарттарын бұзған адамдар заңда белгіленген тәртіпке шақырылып, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапқа т а р т ы л а д ы .

66. Тәртіптік, әкімшілік және қылмысты жауапқа тарту-кінәлі адамдарды келтірген залалды өтеу міндетінен босатпайды.

## 2 1 . К Е З Д Е Й С О Қ Т Ы Қ

67. Егер орындау ісіндегі орындамаушылық немесе кідіріс қолдан келмес жағдайдан (кездейсоқтықтан) болса, Тараптардың ешқайсысы да осы Шарт бойынша қандай болмасын міндеттемелердің орындалуына жауапкершілік б е р м е й д і .

68. Қолдан келмес жағдаяттарға тараптардың бақылау шегінен шыққан кез келген оқиғалар, (мысалы, әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, зілзалалар, өрт, ірі авариялар, коммуникациялардың бұзылуы және т. с. с.) жатады.

69. Қолдан келмес жағдайлар туындаған кезде одан зардап шеккен Тарап бұл туралы басқа Тарапқа оқиғаның басталған күнін анықтайтын және кездейсоқ жағдайдың сипаттамасы айтылған жазбаша хабарламаны тапсыру жолымен х а б а р л а й д ы .

70. Кездейсоқтық жағдаяттар туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайды әділ шешудің жолдарын қарастыру үшін дереу мәжіліс өткізеді және осындай жағдаяттар салдарын неғұрлым жеңілдету үшін барлық құралдарды п а й д а л а н а д ы .

71. Кездейсоқтық жағдаяттарға байланысты Шартта көрсетілген жұмыстар толық немесе ішінара тоқтап қалған кезде, аталған жұмыстарды жүргізу кезеңі кездейсоқ жағдай тоқтаған мерзімге дейін ұзартылады.

## 2 2 . Қ Ұ П И Я Л Ы Л Ы Қ

72. Қазақстан Республикасының құпиялықты сақтауға қатысты заңдарына сәйкес Тараптар Шарттың қолданылу аудандағы жұмыстарға жататын барлық құжаттар, ақпараттар және есеп берулер бойынша құпиялықты сақтау мерзімдерін б е л г і л е й д і .

73. Тараптардың бірде-бірі осы Шарттың мазмұнының құпиялығын сақтау мерзімінде жазбаша келісім алмай тұрып, қайсы бір үшінші Тарапқа оны және

басқа құпия болып саналатын ақпараттың сырын ашуға құқылы емес.

74. Осы Шартты орындау жолында кәсіпорын жұмыстарды іске асырумен айналысып жатқан үшінші Тарапқа қажетті құжаттарды, ақпаратты және есеп берулерді тапсыра алады. Үшінші Тарапқа құпиялық тұрғысында:

осы Шарт бойынша Тараптардың әрқайсысы оны іске асыру үшін қаржы алуға өтінім беретін банкілер мен өзге де кредиттік мекемелер; қосалқы мердігерді және басқа мердігерлерді, сондай-ақ осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қайта ауыстырып беру ұсынылатын құқық иеленуші немесе құқық иеленушіні қоса алғанда жұмыстар бойынша қызмет көрсететін тараптар жатады.

### 23. ҚҰҚЫҚТАРДЫ БЕРУ

75. Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын Құзырлы органның алдын-ала рұқсатын алып, осы Шарт бойынша өз құқықтарының, міндеттемелері мен міндеттерінің бір бөлігін өзінің құрылымдық бөлімшесіне (филиалға), мердігерге қайта ауыстырып бере алады.

76. Кәсіпорын өз құқықтарының бір бөлігін құрылымдылық бөлімшеге (филиалға), мердігерге қайта ауыстырып берген кезде Кәсіпорындардың міндеттемелерін орындағаны туралы осы Шарт бойынша Құзырлы және Мемлекеттік органдар алдында Кәсіпорын жауап береді.

77. Құзырлы орган осы Шарт бойынша өзінің құқықтарының және/немесе міндеттемелерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының Үкіметінен алдын-ала жазбаша келісім алған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауындағы Үшінші Тарапқа бере алады.

### 24. ТӨРЕЛІК СӨТ

78. Осы шарттың кез келген шарттарын орындауға немесе пайымдауға байланысты туындауы мүмкін барлық таластар мен келіспеушіліктерді шешу үшін Тараптар өзара келіссөз жүргізу жолымен қолдан келгеннің бәрін жасайды.

79. Келіспеушілік пайда болған күннен бастап 60 күн ішінде шешімін таппағандарының кез келгені Қазақстан Республикасының Жоғарғы төрелік сотының шешуіне жатады. Төрелік соттың шешімі түпкілікті және Тараптардың әрқайсысы үшін міндетті болып табылады.

80. Тараптар келтірген келіспеушілікті шешу жөнінде қандай

болмасын өзгеше ережелер болған жағдайда, аталған ережелер сондай дауларды шешу үшін қолданылады.

## 25. ШАРТ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

81. Шарт жасасқаннан кейін Заңның өзгеруіне байланысты Кәсіпорынның жағдайы жақсарған немесе нашарлаған жағдайда Кәсіпорын мен Тараптардың өзара келісім бойынша Құзыретті органның экономикалық мүдделері балансына қол жеткізу мақсатында және мүдделі мемлекеттік органдардың келісуімен Шарттың кейбір шарттары қайта қаралуы мүмкін.

## 26. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

82. Аталған Шарт Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

83. Осы Шартқа берілген барлық қосымшалар аталған Шарттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қосымшалардың Ережелері мен Шарттың өз аралығында алшақтықтар байқалғанда, Шарттың өзі негізгі маңызға ие болады.

84. Егер аталған Шартты жүзеге асыру процесінде Тараптар пікір алысу кезінде осы Шарттың кез келген бөлігіне түзетулер немесе қосымшалар енгізу шешіміне келсе, онда бұл мәселені шешу үшін Тараптардың өкілетті өкілдерінің қолы қойылған жазбаша келісім талап етіледі. Мұндай келісім 26-бапта көрсетілген тәртіпке сәйкес аталған Шарттың құрамдас бөлігі болып танылады.

## 27. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

85. Аталған Шарт өз жұмысын төмендегі себептердің біріне байланысты:

86. 4-бапқа сәйкес жұмыстарды жүргізу кезеңін ұзартуды Құзыретті органның шешімімен бекітпеген жағдайда аталған Шарт күшіне енген күннен бастап, аталған Шарттың қолданылуының соңғы күні \_\_\_\_\_ ( ) жылы б і т к е н д е ;

Егер Тараптардың бірі осы Шарт бойынша аталған Шартты бұзуға жол берсе, екінші Тарап осы Шарт бойынша келісілген кезеңнің қолайлы уақыты ішінде мұндай бұзуларды жоюды талап ету құқын иеленсе тоқтатады. Егер мұндай бұзулар көрсетілген мерзім ішінде жөнделмесе, онда талап қоюшы Тарап бұзуға жол берген Тарапқа бұл жөнінде 60 күн бұрын жазбаша хабарлама бере отырып, Шарттың қолданылуын тоқтату құқығына ие болады.

Алайда мұндай материалдық бұзушылыққа қатысты түпкілікті шешім осы Шарттың 25 бабына сәйкес Төрелік соттың шешуіне жатады.

87. Сонымен бірге, егер Кәсіпорын:

Жұмыс бағдарламасы шеңберінде қолдан келмес (кездейсоқтық) жағдайларға байланысты болатынын айтпағанда, 90 күннен астам мерзімге пайдалы қазбаларды игеру өндірісін тоқтатса;

аталған Шарттың шарттарын сақтаудан 30 күннен астам уақыт бойы бастарта ;

Шарт бойынша осы Шарттың 23-бабына құпиялылықты сақтау туралы шартын бұзса ;

тиісті рұқсат алмай, Шарт бойынша өз мүддесінің кез келген бөлігін қайта ауыстырып берсе ;

Құзыретті заңды құқық органы банкрот етіп жарияласа;

Шарттың қағидаларына сәйкес жүргізілген Төрелік соттың түпкілікті шешімін орындамаса Шарттың қолданылуы тоқтатылады.

88. Егер Құзыретті органның пікірі бойынша 87-тармақта көзделінгендей, Шартты тоқтату жағдайы туындаса, ол қолданыстағы заңда көрсетілген тәртіппен бұл жөнінде Кәсіпорынды хабардар етеді.

89. Егер Шарттың тоқтатылуына апаратын жағдайды Құзыретті органға хабарлаған күннен 60 күн өткеннен кейін күрделі жағдайлар түзетілмесе немесе оны түзету жөніндегі келісімге қол жетпесе, аталған Шарт тоқтатылуы мүмкін.

Тараптардың келіспеушілігіне және Шарттың тоқтатылуына қатысты ақырғы шешімді осы Шарттың 25-бабына сәйкес төрелік сот қабылдайды.

## 28 . Ш А Р Т Т І Л І

90. Аталған шарттың мәтіні, осы Шартқа берілетін қосымшалар, қосымша құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалады, екі данасының да заңдық күші бірдей .

91. Тараптар қазақ және орыс тілдері қатынас тілдері ретінде қолданылатын болады деп келіседі. Аталған Шарт күшіне енгеннен кейін пайдалы кен орындарын игеруді жүзеге асыруға қатысты техникалық құжаттар мен ақпараттардың көпшілігі \_\_\_\_\_тілінде жасалады.

Егер басқаша айтылмаса, әкімшілік қызметке қатысты құжаттар мен ақпараттар қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Кестелер мен басқа да есеп беретін құжаттардың тақырыбы қазақ және орыс тілдерінде басылуға тиіс әрі қазақ/немесе орыс тілінде толтырылуы мүмкін.

## 29. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

Аталған Шартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық ескертулер мен құжаттар осы Шарт бойынша тек оларды алғаны жөніндегі мәліметпен ғана Тараптардың әрқайсысына тиісті үлгіде берілді және тапсырылды деп есептеледі.

93. Жазбаша хабарламалар мен құжаттар тікелей өз қолымен тапсырылады немесе төменде келтірілген мекен-жай бойынша почта арнайы авиапочта, телекс немесе телеграф арқылы жіберіледі:

Құзыретті органның мекен-жайы	Кәсіпорынның мекен-жайы
Телекс	Телекс
Телеграф	Телеграф

Құзыретті органның басшысы	Кәсіпорын басшысы
----------------------------	-------------------

94. Осы Шарт бойынша мекен-жайлары өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберуге тиіс.

Осы Шартты 199\_\_жылғы\_\_(күні),\_\_\_\_\_(айы)

Алматы қаласында, Қазақстан Республикасында, Тараптардың өкілетті өкілдері жасады.

Құзыретті орган  
Қолы \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_

Кәсіпорын  
Қолы \_\_\_\_\_  
Лауазымы \_\_\_\_\_

М.О.

М.О.



